

6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін Мусаева Гульжан Каленовнаның «Солтүстік Қазақстан аймағында голштин сиырларының өнімділік ұзақтығын арттыру» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ізденуші Мусаева Гульжан Каленовнаның 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес орындалған.</p> <p>1) Диссертациялық жұмыс биоэтика комитетінің ережелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық биотехнология орталығы» РМК жергілікті этикалық комиссия 2017 ж. 25-ші қыркүйегінің отырысының №6 хаттамасына сәйкес жүргізілді. Мемлекеттік тіркеу нөмірі №0118RK00398.</p> <p>2) Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы AP05135046 «Жоғары өнімді отандық сиырлардың өнімділік ұзақтығын арттырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру» аясында жүзеге асырылды.</p> <p>3) Ғылыми қызығушылығы сүт бағытындағы ірі қара мал шаруашылығының өнімділік қасиетін зерттеу, голштин сиырларының аталық ізіне байланысты сүт</p>

			өнімділігі мен өнімділік ұзақтығына әр түрлі генетикалық және паратипикалық факторлардың әсері бойынша ұсыныстарды әзірлеумен байланысты.
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>ҚР сүтті мал шаруашылығында алғаш рет Солтүстік Қазақстан жағдайында голштин сиырларының өнімділік ұзақтығын, генотиптік және паратиптік факторлардың сүт өнімділігіне және шаруашылық пайдалану мерзімдеріне ықпал етуіне зерттеулер жүргізілді. Маңыздылығы міндеттер арқылы толық ашылған.</p> <p>Сүтті сиырлардың өнімділік ұзақтығын арттыру асыл тұқымды шаруашылықтардың сұранысы бойынша бағасы жоғары жас малдармен толықтыруға, жануарлардың санын көбейту есебінен табынның өнімділігін арттыруға, жануарлардың тұқым қуалайтын қасиеттерін жетілдіруді неғұрлым ұтымды жүргізуге, табынмен селекциялық жұмысты жақсы ұйымдастыруға және жүргізуге, мал шаруашылығы саласын жүргізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Ізденуші диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу және статистикалық талдау жасады, зерттеу нәтижелері құрастырылды және талданды, өндіріске тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды.</p> <p>Өзі жазу деңгейі жоғары.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілігі жеткілікті негізделген, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілген. Сүтті малды өнімді пайдалану ұзақтығы тек биологиялық қана емес, сонымен бірге экономикалық категория ретінде, мал шаруашылығы</p>

		саласының тиімділігі тек сүт деңгейіне ғана емес, сиырларды өндірістік пайдалану мерзіміне де байланысы зерттелінді. Жүргізілген әдеби деректерге талдау және докторанттың өз зерттеулерінің нәтижелері диссертацияның өзектілігін толық дәлелденген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <u>айқындайды</u> , қорғалатын ережелерді көрсетеді және ішкі бірлік принципін сақтайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қойылған мақсат пен міндеттер нақты қалыптасып, диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Міндеттер жұмыстың негізгі мәнін көрсетеді, оны шешу мақсатқа жетуге әкелді
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен толығымен байланысты. Теориялық мағлұматтар тәжірибелік нәтижелерімен расталған. Диссертацияның бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысты, әрбір келесі бөлім алдыңғы бөлімнен логикалық түрде шығады, зерттеу тақырыбы мен алынған нәтижелер туралы толық түсінік береді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа	Автор ұсынған ұсыныстар дәлелді, ғылыми негізделген және бағаланған, әр қорытынды зоотехниялық, физика-химиялық, гематологиялық зерттеулерде алынған эксперименттік мәліметтер негізінде тұжырымдалған. Алынған тұжырымдарға сыни талдау және әдеби көздерден алынған белгілі шешімдермен салыстыруы бар.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер жаңа (100%), өйткені елдің солтүстік аймағында мұндай зерттеулер бұрын жүргізілмеген. Диссертацияның негізгі бөлімдері жаңа болып табылады, докторант алғаш рет жеке зерттеулер жүргізді. Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстанның жағдайында голштин малдарының сүт өнімділігі мен өнімділік ұзақтығын арттырудың қосымша көздерін анықтауға мүмкіндік беріп және тиісінше саланың рентабельділігін арттырады. Алынған мәліметтер сүтті малды, атап айтқанда Қостанай облысының континенталды климаты жағдайында өсірілетін голштин тұқымын іріктеу және осы аталған өңірге байланысты күтіп бағу технологиясын зерттеу үлкен ғылыми тұрғыда маңызды роль атқарып, тәжірибеде қолдануды айтарлықтай кеңейтеді және тереңдетеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа, сенімді, негізделген және алынған нәтижелерді көрсетеді</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	табылады) <u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми негізделген және ғылыми және практикалық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыс жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілді, жақсы негізделген , жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы күмән тудырмайды. Таңдалған жануарлардың жеткілікті санымен және зертханалық зерттеулердің үлкен көлемімен алынған нәтижелер сенімділік тудырады. Деректерді талдаудың пайдаланылған әдістемелерінің сәйкестігімен расталады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі ережелері жаңа болып табылады. Докторант жұмысының ғылыми жаңалығы күмән тудырмайды, қорғау құжатымен және жетекші отандық және шетелдік рейтингтік журналдардағы жарияланымдармен, соның ішінде дәйексөз келтірілген 3 квартилімен расталған. Докторанттың ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижелері 8 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндалды.</p> <p>1) голштин сиырларының сүт өнімділігінің деңгейін анықтау. Ереже дәлелденген тривиалды емес, физика-химиялық көрсеткіштерді зерттеу жаңа, қолдану деңгейі кең, мақала арқылы дәлелденген.</p> <p>2) голштин сиырларының аталық ізіне байланысты өнімділік ұзақтығы мен сүт өнімділігін зерттеу. Ереже дәлелденген тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақала арқылы дәлелденген.</p> <p>3) сиырлардың табыннан шығарылу себептерін анықтау. Ереже дәлелденген тривиалды емес, жаңа,</p>

		2) жоқ	қолдану деңгейі кең, мақала арқылы дәлелденген. 4) сүт өндірудің экономикалық тиімділігін есептеу. Ереже дәлелденген, тривиальды емес, әр лактация бойынша келтірілген есеп жана, қолдану деңгейі кең.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Иә , әдіснаманы таңдау негізделген. Зерттеу әдістері сауатты баяндалған, жүргізілген зерттеулердің сапалық және сандық көрсеткіштерін ашады. Зерттеу жүргізу үшін мал шаруашылығында қолданылатын классикалық әдістер қолданылды. Диссертацияда зоотехникалық, генетикалық, биохимиялық, статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар сүт пен азық сапасы заманауи жабдықтарды қолдану арқылы зерттелген. Бұл әдістерді қолдану объективті және сенімді нәтижелерге қол жеткізді. Зерттеудің сенімділігі күмән тудырмайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия , Жұмысты орындау кезінде жалпы қолданымда жүрген биологиялық әдістер пайдаланып, зерттеу кезінде алынған цифрлық мәліметтер нәтижелері Microsoft Excel және GraphPad Prizm бағдарламасын қолдана отырып, компьютерде өңделді. Көрсеткіштердің сенімділігі Студенттің ұсынылған критеріі бойынша бағаланды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Ия , теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар кең ауқымды зерттеулермен дәлелденген және расталған. Солтүстік Қазақстан жағдайында алғаш рет голштин сиырларының өнімділік ұзақтығын, генотиптік және

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	паратиптік факторлардың сүт өнімділігіне және шаруашылық пайдалану мерзімдеріне ықпал етуіне зерттеулер жүргізілді.
		8.4 <u>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u>	Диссертацияда жасалған әр нәтиже бойынша негіздемелер мен қорытындылар өзекті және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Әдебиеттерде докторанттың алынған нәтижелерін Web of Science және Scopus дерекқорларына енгізілген жоғары рейтингі бар бейіндік журналдарда жарияланған сүтті малды желілік өсіру бойынша басқа ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы талдау және талқылау жүргізілген.
		8.5 <u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Ғылыми жұмыста барлығы 165 дереккөз пайдаланылды, оның 45-і шетелдік, бұл диссертацияларды толық талдау үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Ия, диссертацияның теориялық маңызы зор, сондықтан нәтижелерді жоғары оқу орындары мен колледждерде «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» және «Мал шаруашылығы» мамандары бойынша пайдалануға болады. Ізденуші диссертация тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік ұсыныстар ұсынды. Зерттеу нәтижелері автор алған білім кейінгі сүт ғылыми зерттеулерінде қолданылуы мүмкін білімді айтарлықтай кеңейтеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді	Ия, Диссертация нәтижелері голштин тұқымын өсіретін сүт фермалары үшін маңызды практикалық

		<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 	<p>мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстанның жағдайында голштин малдарының сүт өнімділігі мен өнімділік ұзақтығын арттырудың қосымша көздерін анықтауға мүмкіндік беріп және тиісінше саланың рентабельділігін арттырады. Алынған нәтижелердің қорытындысы бойынша оқу үрдісіне және өндіріске енгізу актілері енгізілді.</p> <p>Тәжірибе барысында алынған нәтижелер 1 авторлық куәлік және 2 пайдалы модельге патент ұсынылып, оң нәтиже алынған.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Алынған нәтижелерді ірі қара мал шаруашылығында қолдану ықтималдығы күмән тудырмайды. Практикаға арналған ұсыныстар Қазақстанның солтүстік өңірі мен жалпы республика үшін жаңа болып табылады, өйткені жұмыс сүт өндірісін дамытуға арналған. Өндірістегі ұсыныстарды практикалық қолдану өнімді арттыруға айтарлықтай үлес қосады сиырлардың ұзақ өмір сүруі аталық ізіне байланысына негізделген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс түсінікті түрде баяндалады, негізгі ұғымдар, анықтамалар мен ережелер толығымен ұсынылған. Жұмыстың дизайны, құрылымы мен мазмұны диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: Жоғарыда айтылғандардың негізінде диссертация толығымен аяқталған зерттеу сипатына ие. Сонымен қатар нормативтік құжаттардың және "Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің" барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның

авторы Мусаева Гульжан Каленовна 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің КеАҚ, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу» кафедрасының доценті, а. ш. ғ. к.

